

Бекітемін

«Нұрби» Мектеп –

бибейітін Сакша кешені



Бердімбетова Ж.С.

# АШЫҚ ОҚУ ҚЫЗМЕТІ

Тақырыбы: «Наи қайдан келеді»

Нұрби ортаңғы топ

Тәрбиеші: Бижанова Г. О.

# Балабақша сабақ жоспары «Нан қайдан келеді?»

Білім беру саласы: Қатынас

Бөлімі: Тіл дамыту Тақырыбы: Нан қайдан келеді?

Мақсаты: 1.Балаларға көрнекі құралдарды пайдалана отырып,ертегінің мазмұнын түсіндіру.

2. Нанның адам еңбегімен келетінін,оған көп күш жұмсалатынын түсіндіру.

<p>3.Балаларға нанды қастерлеу керектігін түсіндіре келе,адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, ертегінің мазмұнын ашу,сөздік жұмыс жүргізу. Көрнекіліктері: нанның түрлері,бидай,комбайн,дирменнің суреттері. Сөздік Әрекет кезеңі</p>	<p>Тәрбиешінің әрекеті</p>	<p>Балалардың әрекеті</p>
<p>Мотивациялық кезеңІзденіс-ұйымдастыру кезеңі</p>	<p>Шаттық шеңбер.Амандасу түрлерін көрсетеді.(қолымен,басынан сипалап,бетінен ұстап,құшақтап Психожаттығу: «Күлімдейік». -Балалар адам жанының, жүрегiнiң кiлтi бiздiң езуiмiзде.Егер бiз үнемі достарымызға, ата-анамызға, апайларға күлiмдеп, жадырап көңiлдi жүрсек бiз мейiрiмдi,ақылды болып өсемiз. Жан-жағымызға күлкi сыйлайық. Олай болса кел,балалар күлейiк! Кел балалар күлейiк, Күлкiменен түлейiк Қабақ шытқан не керек Күлiп өмiр сүрейiк!</p>	<p>Балалар шеңберге тұрып,жылы лебiздерiн бiлдiредi.</p>

	<p>-Балалар бүгінгі сабағымыз өте ерекше.</p> <p><b>Ғажайып ағаштың пайда болуы.</b></p> <p>Балалар біздің топта ғажайып ағаш пайда болды.</p> <p>Ғажайып ағаш туралы өтірік әңгіме оқып береді.Баяғы өткен заманда бір патшалықтағы балабақшаның тобының балалары жерге бидайдың дәнін отырғызыпты.Ол дәнді олар терезенің алдынан тауып алыпты.</p> <p>Біраз уақыт өте келе ғажайып ағашта алма емес. Алмұртта емес, апелсинге де ұқсаматын.</p> <p>Нан, тоқаш,бауырсақ,печенье өсіпті.балалар болса, түскі асқа да,кешкі асқа да осы ағаштан жұлып жей беріпті.</p> <p><b>Проблемалық сұрақ</b></p> <p>Ал нан қалай дастарханға келеді?</p> <p>Оны білу үшін балалар бүгін біз әр оталықта жұмыс істейміз.</p> <p>Қолымыздағы фишкалар бойынша орнымызды табамыз. Ережелерді түсіндіріп өту. Олай болса іске сәт, балалар.</p> <p><b>Әдебиет орталығы.</b></p> <p>Суретпен жұмыс</p> <p>Нанның дастарханға қалай пайда болуы туралы әңгімелейді.</p> <p>-Астық жинау.</p> <p>Дәнді егістіктен жинау.</p> <p>Элеватор және қоймалар.</p> <p>Сөздік жұмысы : Наубайхана-нан пісіретін,нан жабатын орын. Наубайшы-наубайханада нан пісіретін адам. Диірмен-дәнді дақылдарды тартып,ұн шығаратын кәсіпорын.Комбайн-әр алуан дақылдарды жинап, бастыруға арналған</p>	<p>Балалар ағашты қарайды. Не өсіп тұр?</p> <p>Нанның қандай түрлері бар?</p> <p>Жоқ тек нан жей беруге болмайды.</p> <p>Нан ағашта өспейді.</p> <p>Балалардың жауаптары.</p>
--	---	---

	<p><b>Дидактикалық ойын « Нан пісірейік»</b></p> <p>Нан пісірудің ретін еске түсірейік.Қамыр илеу үшін не керек екенін өздері табады.Әр түрлі азық түліктің суреттері тұрады, балалар өздері тауып қосады.</p> <p><b>Ғылым орталығы</b></p> <p>Бірнеше дақылдарды үстелге қояды.</p> <p><b>Проблемалық сұрақ</b></p> <p>Ұнды неден және қалай алады?</p> <p><b>Суретпен жұмыс</b></p> <p>-диірменді қарау.Диірменнің түрлері. Сумен, желмен, тоқпен.</p> <p>-нан пісіру процесін қарау.</p> <p><b>Балалардың тәжірибесіне сүйену.</b></p> <p>Нанды қалай пісіреді?</p> <p><b>Шығармашылық орталық.</b></p> <p><b>Өз бетінше жұмыс.</b></p> <p>Балалар дайын қамырдан әртүрлі нан жасайды.</p> <p>Жұмбақ шешу.</p> <p>Қыр басында әрқилы, Сары теңіз толқиды</p> <p>Сергіту сәті: Жайқалады ақ бидай, басын иіп аққудай Трактор мен комбайн жүргізуге дайын..</p> <p>Балалар,мына суреттен нанның қандай түрлерін көріп тұрсыңдар? Атап беріңдер.</p> <p>Нанды неден пісіреді?Ұнды қалай жасайды? машина.</p> <p>Нан туралы мақал-мәтелдер үйретіледі. Ас атасы-нан, На н- тіршілік На көзі, н бар жерде,ән де бар.</p>	<p>Диірмен де тарту арқылы жасайды.</p> <p>Бидайды үгіту арқылы аламыз.</p> <p>Балалардың жауаптары</p>
--	--	---

Рефлексия	“Нан –байлық,нан-береке”деп халқымыз бекер айтпаған.Қаншама адам еңбек етеді.Дастарқанға зор еңбекпен келген нан тағамдарын қастерлеуіміз керек.	
-----------	--	--

Күтілетін нәтиже:

Білу: 1/Ертегінің мазмұның ,нанның адам еңбегімен келетінін,оған көп күш жұмсалатынын білу;

2/. Нанды қастерлеу керектігін түсіну.

3/Көрнекі құралдарды пайдалана отырып,тақырыпты меңгеру;